

Бекітемін:
Педагогикалық кеңестің №1 хаттама №1
шешімімен бекітілген
КМҚК «Жасұлан» Ясли-бақша
менгерушісі:  Темирбаева Э.К.
«06» тамыз 2020 жыл

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫПТАР НЕГІЗІНДЕ
кіші (2 жастан бастап) «Мұрагер» тобының
2020-2021 оқу жылының перспективалық жоспары

Тәрбиешілер: Мырзабаева Б Т
Терликбаева Г Б

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР
КІШІ ТОБЫ 2020 ЖЫЛ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ
 Өтпелі тақырып «БАЛАБАҚША»

Мақсаты: балаларда әлеуметтік дағдыларды, мектепке дейінгі ұйымға, топқа, балалар мен ересектерге сүйіспеншілік сезімді қалыптастыруға; бірлескен әрекетке қызығушылықты дамытуға бағытталған

Өтпелі тақырып: «Балабақша»	ТАҚЫРЫПША: «МЕНІҢ БАЛАБАҚШАМ» МЕРЗІМІ: (01-4.09)	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.		Таным Сенсорика " Топтағы заттарды қорапшаларға орналастыр" Көлемі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету. Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын жетілдіру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау дағдыларын қалыптастыру. Ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Жаратылыстану «Аула сыпырушының еңбегі» Балаларға аула тазалаушы еңбегі жөнінде мағлұмат беру. Үлкендер еңбегін бағалай білуге. Қоршаған ортаны таза ұстау мақсатында азда болса өз үлестерін қосуға шақыру	Шығармашылық Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша Сурет салу «Қағаз, қарындашпен таныстыру. Жаңбыр» Сурет салу техникасын жетілдіру. Балалардың қарындашпен дұрыс жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру, қағазға солдан оңға оңға қарай түзу сызық жүргізе білуді үйрету; балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту.

	ТАҚЫРЫПША: «ОЙЫНШЫҚТАР» МЕРЗІМІ: 07-11.09	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.	Көркем әдебиет «Балабақша өз үйім» Тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға, тақпақтардың интонациясын қабылдауды үйрету.	Құрастыру «Машина» Құрылыс материалдарынан құрастыруды, құрылыс үлгілерін қарап, оның бөліктерін атап көрсетуге, қандай бөлшектерден құралғанын анықтауға, машина құрылысының жетіспейтін бөліктерін таба білу, әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын туралы біліктерін қалыптастыру. Ағаш құрылыс материалдары туралы біліктерін қалыптастыру. Жаратылыстану «Бөлме гүлдері». Тірі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Өсімдіктерге қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдауға үйрету.	Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша. Сурет салу «Секіртпе» Толқын тәрізді сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету парақ бетінде бейнені орналастыру. Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Мүсіндеу «Доптар» Балалардың ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, ермексазды шымшып алу әдісі және домалақ ,жұмыр мүсін туралы мағлұмат беру. ермексазды алақан арасына салып домалақтау; тілдерін дамыту; саусақтарының ұсақ бұлшық етерінің қимылын жетілдіру. ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.
--	---	--	--	---	--

	ТАҚЫРЫПША: «ЖИҢАЗДАР МЕН ЫДЫСТАР» МЕРЗІМІ: 14-18.09	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша	Сөйлеуді дамыту «Қуыршақтың ыдыстары». Дыбысқа еліктеу сөздерін қолданып, дауысты дыбыстарды дұрыс айтуды қалыптастыру. Балаларды заттардың қасиеттерінің және олармен әрекеттердің атауын айтуды үйрету. Тілдік қарым-қатынасқа, сөйлеу тіліне, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (ыдыстар) сипаттауға үйрету.	Сенсорика "Ыдыстар" Түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету. Көлемі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету. Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын жетілдіру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау дағдыларын қалыптастыру. Ұсақ қол маторикасын жетілдіру Жаратылыстану «Балықтар» Табиғат бұрышындығы өсімдіктерді бақылау арқылы олардың сырлары мен тіршілігі туралы түсінік беру .Еңбек әрекеттерін баулып,тірі табиғатқа деген қамқорлық жасау дағдыларын қалыптастыру.	Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша Сурет салу «Тізілген ыдыстар» Тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету, парақ бетінде бейнені орналастыру Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту.
--	---	---	--	--	--

	Тақырыпша: «Тату доспыз бәріміз» МЕРЗІМІ: 21-25.09	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша	Көркем әдебиет «Алтын дән» (өлең) Тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға, тақпақтардың интонациясын қабылдауды үйрету. Өлеңдердегі қарама-қарсы бейнелерді түсінуді үйрету.	Құрастыру «Досыма арналған стөл» Құрылыс үлгілерін қарап, оның бөліктерін атап көрсетуге, қандай бөлшектерден құралғанын анықтауға, жиһаз құрылысының жетіспейтін бөліктерін таба білу біліктерін қалыптастыру. Кірпіштерді көлденеңінен орналастыру, кірпіштерді бірінің үстіне бірін қою, текшелерді кірпіштермен үйлестіру білімдерін қалыптастыру. Жаратылыстану «Торғай , көгершін,қарға» Балаларға дала құстары туралы білім беру. Құстарды ажырату дағдыларын қалыптастыру. Құстарға қамқорлықпен қарауға,көмек бере білуге үйрету.	Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша Сурет салу «Пирамида» Сурет салу техникасын жетілдіру. Балалардың қарындашпен дұрыс жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру, қағазға солдан оңға оңға қарай түзу сызық жүргізе білуді үйрету. Балалардың ашық түсті бояуларға деген эмоционалды – эстетикалық қатынасын тәрбиелеу Жапсыру «Пирамида» Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. Фланелеграфпен жұмыс: қарапайым композиция құру және орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Фланелеграфтің кенебін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, машиналарды, үйлерді орналастыруды үйрету.
--	--	---	--	--	---

2020 ЖЫЛ ҚАЗАН АЙЫ

Өтпелі тақырып: Менің отбасым

Мақсаты: отбасы, ана, әке, әже, ата, аға, әпкенің рөлі; отбасы мүшелерінің міндеттері туралы; отбасындағы жағымды өзара қарымқатынасқа тәрбиелеу, өзара көмек, отбасының барлық мүшелеріне сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»	Тақырыпша: «Мен және менің отбасым» Мерзімі: 28.09-02.10	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша	Қатынас Сөйлеуді дамыту «Менің отбасым» Айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білуді қалыптастыру.	Таным Сенсорика "Ұзын - қысқа" Түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі салыстыруды және іріктеуді үйрету. Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз-қол» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту Жаратылыстану «Себет толы жемістер. Алма» Жемістер туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Сыртқы түрі және дәмі бойынша атауды және ажыратуды үйрету. Өсімдіктерге қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Көкөністерді күтіп баптауға баулу.	Шығармашылық Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша Сурет салу «Анаммен жүретін ұзын жолдар». Ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелуге үйрету. Балалардың қарындашпен дұрыс жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру, қағазға солдан оңға оңға қарай түзу сызық жүргізе білуді үйрету; балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту.

	Тақырыпша: «Менің үйім» Мерзімі: 05-09.10	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша	Көркем әдебиет «Мен тәртіпті баламын» (өлең) Тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға, тақпақтардың интонациясын қабылдауды үйрету. Өлеңдердегі қарама-қарсы бейнелерді түсінуді, таныс тақпақтарды қайталауды үйрету.	Құрастыру «Трамвай» Құрылыс үлгілерін қарап, оның бөліктерін атап көрсетуге, қандай бөлшектерден құралғанын анықтауға, жиһаз құрылысының жетіспейтін бөліктерін таба білу біліктерін қалыптастыру. Кірпіштерді көлденеңінен орналастыру, кірпіштерді бірінің үстіне бірін қою, текшелерді кірпіштермен үйлестіру білімдерін қалыптастыру. Жаратылыстану «Табиғат сыйы. Көкөністер мен жемістер» Көкөністер мен жемістер туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Сыртқы түрі және дәмі бойынша атауды және ажыратуды үйрету. Өсімдіктерге қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Көкөністерді күтіп баптауға баулу.	Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша Сурет салу «Әртүрлі түстегі қақпақтар» Дөңгелек пішіндерге ұқсас заттарды бейнелуге үйрету. Қарындашты ұш саусақпен дұрыс отырып, ұшын сәл жоғары, қатты қыспай сурет салуды үйрету. Мүсіндеу «Қонжыққа арналан жидектер» Балалардың ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру. техникалық дағдыларды қалыптастыру: заттардың қарапайым және одан да күрделі пішіндерін мүсіндеуге үйрету. Бүлдіршендерге кішкене домалақ заттарды мүсіндеуді оны негізіне ептілікке жабыстыруды үйрету, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қимылын жетілдіру.
--	--	---	--	--	---

	Тақырыпша: «Мен көмекшімін» Мерзімі: 12-16.10	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша	Сөйлеуді дамыту «Мен көмекшімін» Адамның дене мүшелерін (қол, аяқ, бас) білдіретін сөздерді Түсінеді. Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту; қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Сенсорика "Көкөністер" Көлемі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету. Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын жетілдіру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау дағдыларын қалыптастыру. Ұсақ қол моторикасын жетілдіру Табиғатты аялауға тәрбиелеу. Жаратылыстану «Үй жануарлары, Сиыр,бұзау». Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танау,құйрығы,аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша Сурет салу «Жау-жау, жанбыр аулама». Қарындашты ұш саусақпен дұрыс отырып, ұшын сәл жоғары ,қатты қыспай, оң қолымен қағаз бетінде төменне жоғарыға қарай, жоғарыдан төменге қарай оннан солға қарай қысқа және ұзын сызықтар жүргізе білуді үйрету. Балалардың саусақтарының бұлшық еттерін даыту.
--	--	---	---	---	--

	Тақырыпша: «Мамандықтар» Мерзімі: 19-23.10	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.	Көркем әдебиет «Шалқан» (орыс халық ертегісі) Ертегілердегі қарама-қарсы бейнелерді түсінуді, кейіпкерлердің пайда болуын, олардың өзара әрекеттерін қадағалауға үйрету. Шығармалардың мазмұнына эмоционалды көңіл-күй таныту дағдыларын қалыптастыру.	Құрастыру «Үйшік» Құрылыс үлгілерін қарап, оның бөліктерін атап көрсетуге, қандай бөлшектерден құралғанын анықтауға, жиһаз құрылысының жетіспейтін бөліктерін таба білу біліктерін қалыптастыру. Кірпіштерді көлденеңінен орналастыру, кірпіштерді бірінің үстіне бірін қою, текшелерді кірпіштермен үйлестіру білімдерін қалыптастыру. Жаратылыстану «Үлкендердің еңбегін бағалау» Маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. Үлкендердің еңбегі туралы түсінік беру. Табиғаттың әдемілігін сезініп, оны аялай білугі, қорғауға, қайырымдылыққа тәрбиелеу.	Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша. Сурет салу «Бауырсақ қалай домалайды». Оңнан солға қарай түзу сызықтар сызуды жалғастыру; қарындашпен жұмыс істеу дағдыларын бекіту; саусақтарының бұлшық еттерін дамыту; ұқыпты жұмыс істеуге тәрбиелеу. Жапсыру "Алма мен алмұрттан жасалған компот" Фланелеграфта бейнелеуді (шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. Қазақтың ұлттық бас киімі- тақиямен таныстыру, қазақтың ұлттық ою - өрнектерімен тақияны әшекейлеуді үйрету.
--	---	---	---	---	--

Тақырыпша: «Күз кереметін сыйлаймын саған»		Мерзімі: 26-30.10	
Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.	Қатынас Сөйлеуді дамыту «Күз кереметін сыйлаймын саған» Дыбыстарды , сөздерді және сөз тіркестерін дауыстың биіктігін, екпінін, күшін есепке алып, дыбыстарды дәл айтуды қалыптастыру. Әртүрлі өлшемді (үлкен, кіші) білдіретін сөздерді түсінеді. Балаларды тәрбиешінің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) жасай білуге үйрету. Көкөністер, жемістер туралы түсінік беру.	Таным Сенсорика "Денсаулық жолдары". Түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстырады және іріктеуді үйрету. Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз-қол» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Жаратылыстану «Күз. Жеміс бағына саяхат» Жемістер туралы білімдерін естеріне түсіріп, жемістер бақта өсетіндерін ұғындыру. Күз сыйы және бақ деген сөздерге сөздік жұмысын жүргізу арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Табиғатқа деген мейрімділікті тәрбиелеу.	Шығармашылық Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша. Сурет салу «Күз кереметі». Жаңа жыл мейрамына байланысты әңгімелесу, берілген суретті жалағастырып саусақтармен, таяқшаға оралған мақтамен сурет салуға үйрету; саусақтарының икемділігін арттыру; әсемдікті сезіне білуге, сурет салуға деген қызығушылық сезіміне тәрбиелеу.

2020 ЖЫЛ ҚАРАША АЙЫ

Өтпелі тақырып «Күз сыйы»

Мақсаты: жыл мезгілдері, күз, жылудың аздығы, күннің көзі шығып тұрса да, жылулығы жоқтығы туралы тану, алайда күз сыйы жарқын, түрлі, ашық түсті болатынын, гүлдер, жапырақтар, бұтақтар, жидектер, көкөніс пен жемістер – күз сыйы екенін түсіндіру.

	Тақырыпша: «Көкөністер мен жемістер» Мерзімі: 02-06.11	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.	Көркем әдебиет «Әдептілік әлемі» (өлең) Тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға. Таныс тақпақтарды қайталауды, ойыншықтарды қолданып, мазмұны күрделі емес ойындарға қатысуды үйрету.	Құрастыру «Жаттығу жасайтын орындық» Құрылыс үлгілерін қарап, оның бөліктерін атап көрсетуге, қандай бөлшектерден құралғанын анықтауға, жиһаз құрылысының жетіспейтін бөліктерін таба білу біліктерін қалыптастыру. Кірпіштерді көлденеңінен орналастыру, кірпіштерді бірінің үстіне бірін қою, текшелерді кірпіштермен үйлестіру білімдерін қалыптастыру. Жаратылыстану «Көкөністер. Қияр». Көкөністер туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Сыртқы түрі және дәмі бойынша атауды және ажыратуды үйрету. Өсімдіктерге қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Көкөністерді күтіп баптауға баулу.	Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша. Сурет салу «Көкөністер мен жемістер» Дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету, балаларға алақан мен саусақтар көмегімен күн бейнесін салу әдісін үйрету; саусақ бұлшық еттерін және қимыл қозғалыстарын жетілдіру; бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Мүсіндеу «Көкөністер мен жемістер». Сазбалшықтың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру. Сазбалшықпен жұмыстың бастапқы дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін меңгерту (үлкен кесектен кішкентай бөліктерді бөліп алады, оларды біртұтас етіп біріктіреді, сазбалшықты өздігінен илей алу).

	Тақырыпша: «Саңырауқұлақтар мен жидектер» Мерзімі: 09-13.11	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.	Сөйлеуді дамыту «Аю не терді?» «Кім қалай дауыстайды?» Балалар әдебиеті шығармаларының бейнесін және мазмұнын түсінуге үйрету. Дидактикалық ойын арқылы сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Жануарларға деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	Сенсорика "Қуыршақ Әйгерімге арналған жидек" Түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету. Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын жетілдіру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау дағдыларын қалыптастыру. Жаратылыстану «Күзгі жапырақ қандай болады. Тірі табиғат» Тірі табиғат құбылыстарына қызығушылық тану дағдыларын қалыптастыру. Ағаш, шөп, гүл сөздерін дұрыс қолдануды үйрету.	Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша Сурет салу «Саңырауқұлақтар мен жидектер». Майлы қарындашты пайдалана отырып ирек сызықтар сызуға үйрету; саусақтарының бұлшық еттерін дамыту; ұқыпты жұмыс істей білуге тәрбиелеу.
--	---	--	--	--	---

	Тақырыпша: «Гүлдер» Мерзімі: 16-20.11	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.	Көркем әдебиет «Екі дос» (өлең) Тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға. Таныс тақпақтарды қайталауды, ойыншықтарды қолданып, мазмұны күрделі емес ойындарға қатысуды үйрету.	Құрастыру «Диван» Құрылыс үлгілерін қарап, оның бөліктерін атап көрсетуге, қандай бөлшектерден құралғанын анықтауға, жиһаз құрылысының жетіспейтін бөліктерін таба білу біліктерін қалыптастыру. Кірпіштерді көлденеңінен орналастыру, кірпіштерді бірінің үстіне бірін қою, текшелерді кірпіштермен үйлестіру білімдерін қалыптастыру. Жаратылыстану «Сусыз тіршілік жоқ». Өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту. Суды үнемдеп пайдалану, суды ластауға болмайтындығы жалйлы түсініктерін қалыптастыру.	Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша. Сурет салу «Гүлдер». Қылқаламмен таныстыру, сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіруді үйрету; қылқаламмен бояуды пайдаланып жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруды үйрету; ұқыпты жұмыс істей білуге тәрбиелеу. Өзінің салған суретіне қуануды, онда не бейнеленгенін айтуды, балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту. Жапсыру "Жіпке байланған шар " Түрлі пішіндерді біріктіру арқылы заттарды фланелеграфта Орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.
--	---	--	---	--	---

	Тақырыпша: «Күз сыйлықтары» Мерзімі: 23-2711	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.	Қатынас Сөйлеуді дамыту «Күз сыйлықтары» Балаларды тәрбиешінің сөзін түсінуге, қысқа тақпақтарды жатқа айта білуге үйрету. Тұрмыстық және ойын әрекетін(қыдыру, тамақтану) білдіретін сөздерді түсінеді. Дыбыстарды , сөздерді және сөз тіркестерін дауыстың биіктігін, екпінін, күшін есепке алып, дыбыстарды дәл айтуды қалыптастыру.	Таным Сенсорика "Қақпақтар" Түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету. Көлемі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету. Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын жетілдіру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау дағдыларын қалыптастыру. Ұсақ қол маторикасын жетілдіру. Жаратылыстану «Сәбіз,алм» Көкөністер мен жемістер туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; көкөністер мен жемістердің бірнеше түрлерін сыртқы түрі және дәмі бойынша дұрыс атауға және ажыратуға үйрету. Қоршаған табиғаттың сұлулығын байқауға үйрету	Шығармашылық Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша. Сурет салу «Күз сыйлықтары». Балалар түрлі түсті фолмастерлермен түзу сызықтар суретін салуға, фолмастерді қатты қысып,қағаз ортасына бір нүктені бейнелеп,сол жағынан жоғарыдын бастап қолды үзбей дөңгелетіп салуды үйрету; балалардың қол қимылдарының қозғалысын дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу.
--	---	---	---	--	---

2020 ЖЫЛ ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ

Өтпелі тақырып «ҚЫЗЫҚТЫ ҚЫС МЕЗГІЛІ!»

Мақсаты: қыстағы табиғат құбылыстарымен, оның өзгерістерімен, қыстың қызықты мерекелерімен және ермектерімен таныстыру.


Өтпелі тақырып: «Қызықты қыс мезгілі»	Тақырыпша: «Жыл мезгілдері» Мерзімі: 30-04.12	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.	Көркем әдебиет «Жемістер жыры» (өлең) Роза Қонақова Жемістерді таныстыру, жеміс пен көкөністің айырмашылығын ажырата білу, жемістерді (алма, өрік, қара өрік, шие) атау барысында балалардың сөздік қорын жетілдіру. Жемістер туралы түсініктерін дамыту. Балаларды салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.	Жаратылыстану «Қыс келді». Балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру. Тірі және өлі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылауды үйрету арқылы зейіндерін дамыту. Табиғатты сүйуге баулу.	Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша. Сурет салу «Қыс». Саусақ арқылы қағаз бетіне шырша ойыншықтарын бейнесін түсіруді үйрету; негізгі түстерді ажыратуды және дұрыс атауды түйрету. Ұқыпты жұмыс істей білуге тәрбиелеу. Мүсіндеу «Ақ қоянға сыйлық». Сазбалшықтың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру. Сазбалшықпен жұмыстың бастапқы дағдыларын қалыптастыру. Бірдей және түрлі көлемді шарларды біріктіру жолдарымен заттарды Мүсіндеуге үйрету. Техникалық дағдыларды қалыптастыру: заттардың қарапайым және одан да күрделі пішіндерін мүсіндеуге үйрету.

	Тақырыпша: «Қыстап қалатын құстар» Мерзімі: 07-11.12	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.	Сөйлеуді дамыту «Қыстап қалатын құстар». Санамақтарды жатқа айта білуге үйрету. Дыбыстарды , сөздерді және сөз тіркестерін дауыстың биіктігін, екпінін, күшін есепке алып, дыбыстарды дәл айтуды қалыптастыру.	Сенсорика "Құсты жасыр". Заттарды өлшемі бойынша табуды, түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстырады және іріктейді үйрету. Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз-қол» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Жаратылыстану «Құстарға арналған жемсауттар. Құстарға жем береміз». Тірі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту Аулаға ұшып келетін құстарды атауды және ажыратуға үйрету. Балаларды құстарды қамқорлыққа алуға баулу.	Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша. Сурет салу «Құстарға жем береміз». Қағазға қыл қаламен дақ түсіре білуді үйрету, бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; жануарлардың қимыл-қозғалысын және іздерін қарға түсіріп жаттығу; табиғаттың әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу.
--	---	---	---	--	--

	Тақырыпша: «Қыс қызығы» Мерзімі: 14-20.12	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.	Көркем әдебиет «Түлкі мен қоян» (ертегі) Ертегідегі кейіпкерлердің іс – әрекеттерін келтіре отырып, қимылдарын көрсете білуге баулу.	Құрастыру Тар және кең жолдар Балаларды жаяу жүргіншілерге арналған тар және кең жолдарды құрылыс материалдарынан құрастыру, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра білуге үйрету, өзара қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу.	Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша Сурет салу «Жапалақтап қар жауды». Саусақ арқылы қардың бейнесін салуда үйрету; саусақтардың бұлшық еттерін дамыту; бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.
--	---	--	--	---	---

	Тақырыпша: «Келді міне Жаңа жыл» Мерзімі: 21-25.12	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.	Қатынас Сөйлеуді дамыту «Келді міне Жаңа жыл». Ана тіліндегі дыбыстар мен сөздерді анық айту, дыбыс аппаратын дамыту. Балалардың белсенді сөздік қорын байытуды жалғастыру: заттардың қасиеттерін және олармен әрекеттерді атау. Еңбек әрекеттерін білдіретін сөздерді қолдану. Еңбекқорлыққа тазалыққа баулу.	Таным Сенсорика "Сақинаны ал" Берілген 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып көлемі бойынша әр текті байланыс орната білу іскерлігін бекітуді; көлемі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыруды үйрету; кеңістікте бағдарлаудың бастапқы дағдыларын қалыптастыру. Жаратылыстану «Қоян неліктен тоның ауыстырады» Жануарлардың сипаттық ерекшеліктерімен таныстыру, дене бөліктерін (танау, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге, суреттен жануарларды тауып, атауға үйрету.	Шығармашылық Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша. Сурет салу «Шырша». Үзік сызықтар сыздыра отырып, кеңістікті бағдарлай білуге үйрету; баланың қиялын дамыту; табиғаттың ерекшелігін сезіне білуге тәрбиелеу.
--	---	--	---	--	--

Тақырыпша: «Қыс мезгілі және оның ерекшеліктері»		Мерзімі: 28,29,30, 31 желтоқсан	
Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша .	Көркем әдебиет «Жасыл Шырша» (өлең) Мереке туралы қуаныш, мақтаныш сезімдері берілген қысқа тақпақтарды жаттау; таныс шығармалардың қарапайым мазмұндарын ойнау; таныс өлеңдерді асықпай, анық айтуға баулу.	Құрастыру «Төбешік» Құрылыс үлгілерін қарап, оның бөліктерін атап көрсетуге, қандай бөлшектерден құралғанын анықтауға, жиһаз құрылысының жетіспейтін бөліктерін таба білу біліктерін қалыптастыру. Кірпіштерді көлденеңінен орналастыру, кірпіштерді бірінің үстіне бірін қою, текшелерді кірпіштермен үйлестіру білімдерін қалыптастыру. Балаларға кеңістіктік белгілерді ескере отырып, бөлшектерді түзу сызық бойына орналастырып, ұқыпты біріктіру туралы дағдыларын қалыптастыру. Жаратылыстану Қуыршақ қонаққа келді Балаларға ыдыстармен тағамдардың аттарын айтуды үйрету оларды ажыратуға жаттықтыру.	Мүсіндеу «Қуыршаққа арналған кәмпиттер» Балаларды ермексазды шымшып үзіп алуға және домалақ, жұмыр мүсіндер сомдауға жаттықтыру. Оларға домалақтау, илеу жолдарымен мүсіндеу тәсілдерін үйрету. Саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қимылын жетілдіру, қайырымдылыққа тәрбиелеу.

Бекітемін:
Педагогикалық кеңестің №3, хаттама №3
шешімімен бекітілген
«Жасұлан» бөбекжайы» КМҚК
менгерушісі:  Темирбаева Э.К.



МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫПТАР НЕГІЗІНДЕ
кіші (2 жастан бастап) «Мұрагер» тобының
2020-2021 оқу жылының перспективалық жоспары

Тәрбиешілер: Мырзабаева Б Т
Терликбаева Г Б

2021 ЖЫЛ ҚАҢТАР АЙЫ

ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫП:АЛАҚАЙ, ҚЫС КЕЛДІ!

МАҚСАТЫ:балалардың қыс мезгілі және оның ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Қыс мезгілі өзінің аппақ қарымен, сықырлаған аязымен, көк айдын мұзымен ерекше. Ақ ұлпа қар жамылған ағаштар, үйлер көздің жауын алады. Қыс мезгілінің тағы бір ерекше көрінісі - қысқы ойындар: шанамен, шаңғымен сырғанау.

Өтпелі тақырып: «Алақай қыс келді»	Тақырыпша: «Жыл мезгілдері Мерзімі: 05-08.01	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.	Сенсорика «Ұқсас заттарды тап» Заттарды пішіндер бойынша топтастыруға үйрету (шаршы,ұшбұрыш, сопақша) Зейінін,есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Шығармашылық Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша. Сурет салу «Ақ ұлпа қарлар». Бояулармен жұмыс жасау біліктерін қалыптастыру. Бояуды сүйкей жағу тәсілі арқылы жіңішке сызықтар түсіре отырып,жауып тұрған ұлпа қардың бейнесін салуға үйретіп; сурет салу іскерліктерін дамыту; табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. Мүсіндеу «Тоқаш» Балаларды мүсіндеудің жаңа материалы ашыған қамырымен таныстыру, екі қолымен домалақ шар жасауды үйрету, жұдырықтарымен жұмыс істеу,саусақтардың ұшымен басып тереңдету әдістерін меңгерту, балаларға халқымыздың қонақ жайлылығы туралы қысқаша мәлімет беру және ойын арқылы бала қиялын дамыту,олардың ұқыптылыққа тәрбиелеу.
---	---	--	--	--

	Тақырыпша: «Қысқы ойындар» Мерзімі: 11-15.01	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.	Көркем әдебиет «Әке мен бала» (әңгіме) Әңгімелердің мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға, қарама-қарсы бейнелерді түсінуді үйрету, кейіпкерлердің бейнелерін ойындарда қарапайым түрде бейнелей алу дағдыларын қалыптастыру.	Құрастыру Ағаш Мақсаты: Таяқшалардан және конструктордан құрастыру Міндеті: Таяқшалардан және конструктордан құрастыруға үйрету. Ой қабілеттерін дамыту. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану «Табиғат құбылыстары. Аппақ қар» Өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. Қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдауға үйрету.	Жапсыру "Көкөністер мен жемістер" Түрлі пішіндерді біріктіру арқылы заттарды фланелеграфта орналастырады. Бейненің жеке бөліктерін құрау арқылы композиция жасауға үйретуді жалғастыру. Балаларды үй құстарына қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша. Сурет салу «Мұз сүңгілері» Мақсаты: Үзік сызықты сыздырта отырып кеңістікті бағдарлай білуге үйрету, баланың қиялын дамыту, табиғаттың ерекшелігін сезіне білуге тәрбиелеу.
--	---	--	--	---	--

	Тақырыпша: «Жануарлардың қысқы тіршілігі» Мерзімі: 18-22.01	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.	Сөйлеуді дамыту «Жануарлардың қысқы тіршілігі» Балалардың үй жануарлар және олардың төлдері туралы білімдерін бекіту , оларды бір-бірінен ажырата білуді және дұрыс атауды бекіту.	Жаратылыстану «Түлкі бізде қонақта» Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танау,құйрығы,аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Сенсорика "Жыл мезгілдері " Түсі әртүрлі заттардың белгісі болып табылатындығына және олардың сипатын білдіру үшін қолданылуы мүмкін екендігіне балалардың назарын аудару; қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз-қол» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Балаларды үй құстарына қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.	Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша. Сурет салу «Жапалақтап қар жауды» (Жауған қардың суретін саусақпен салу) Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру,қағаз бетіне нүктелерді түсіруді үйрету. Ойын төсілдері арқылы ой –қиялдарын дамыту. Жұмысты ұқыпты орындауға тәрбиелеу. Құстарға деген сүйіспеншілік сезімі тәрбиелеу.
--	---	--	---	--	--

	Тақырыпша: «Қысқы табиғат» Мерзімі: 25-29.01	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.	Қатынас . Көркем әдебиет «Қыс» (өлең) Ересектердің тақпақтарды оқуына, кітаптарды көрсету кезінде тұрақты қызығушылық таныту дағдыларын қалыптастыру; шығарманың мазмұнын түсіну және эмоциалы қабылдау.	Таным Жаратылыстану «Орман тұрғындары». Жабайы жануарлар туралы түсініктерін байыту. Жабайы жануарлардың аю, түлкі, қасқыр сипаттық белгілерін байқай білуге үйрету арқылы зейіндерін байыту. Табиғатты сүюге және оған қамқор болуға тәрбиелеу. Құрастыру «Үстел және диван» Ірі конструктор бөлшектерінен құрастыру жеке жиһаз заттарын түрлі нұсқада құрастыру, бірден екі-үш құрылысты тұрғызу (үстел және орындық, үстел және диван), құрылыстық қасиетін ескере отырып материалды таңдау біліктерді қалыптастыру. Құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды қолдана отырып оларды ойнату және тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинастыруды үйрету.	Шығармашылық Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша. Сурет салу «Ғажайыптар әлемі» Сызықтарды қағаз бетіндегі кеңстікті дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру, қағаз бетіне тук сызықтарды бейнелеу, дәстүрден тыс тәсілмен сурет салу біліктерін қалыптастыру. Мүсіндеу «Қоянға арналған сәбіз» Қуыршаққа арналған білезік мүсіндеуге үйрету. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану барысында арнайы тақтайша үстінде илеу, қолды дымқыл шүберекпен сүрту; дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинастыру дағдыларын қалыптастыру.
--	---	---	--	---	--

2021 ЖЫЛ АҚПАН АЙЫ

ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫП: «ҚАРДЫҢ ПАЙДАСЫ»

Мақсаты: қар жерді қатты аяздардан, ағаштардың, бұталардың және көп жылдық өсімдіктердің тамырларын тоңып қалудан қорғайтыны, қардан мұз қалашықтар тұрғызуға, шанамен және шаңғымен сырғанауға, қардан мүсіндер жасауға қажет екені туралы түсінік беру.

Өтпелі тақырып: «Қардың пайдасы»	Тақырыпша: «Ұшты, ұшты ұлпа қар» Мерзімі: 01-05.02	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.	Сөйлеуді дамыту «Ұшты, ұшты ұлпа қар!» «Көрсет және қайтала!» Түрлі дауыс жоғарылығымен, қарқынымен, биіктігімен дыбыстарға еліктеуші сөздерді айту, сөйлеу тілінің екпіні мен ырғағына сәйкес жаңғырту дағдыларын бекіту. Ыдыс -аяқ, жиһаздарды және күнделікті өмірде олармен әрекет жасауды білдіретін сөздерді, сөз таптарын қолдануға үйрету.	Сенсорика "Дөңгелек күн" Заттарды бейнелеуде сенсорлық қасиеттерін ескеруді, берілген 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі бойынша әр текті байланыс орната білу іскерлігін бекіту. Жаратылыстану «Құмнан жасалған заттар». Құм мен сумен тәжірбие жасау өлі табиғат құбылыстарына қызығушылық танытуға табиғи материалдардың қасиеттерімен (құм шашылады, құмнан қуыршақтарға ыдыс мүсіндеуге болады) таныстыру. Тәжірбие жасаудың көмегімен балалар құмның қасиетін сезінуге көмектесу: құрғақ құм төгіледі, ешнәрсе әдемі шықпайды, егер құмға су құйсақ ол ылғалды болады және үлгілердің көмегімен ыдыс мүсіндеуге болады деген түсінік беру.	Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша. Сурет салу «Ұлпа қар». Қағаз бетін бағдарлай білуге үйрету. Машинаның дөңгелегін тығын арқылы салуға үйрету; жұмыс барысында балалардың өзалдына жеке әрекет көрсету мен белсенділігін дамыту; ойыншықты күтіп ұстау, мұқият ойнауға тәрбиелеу. Музыка 1.«Барабан» Музыка мен қимылдардың мәнерлігін қабылдауға үйрету. Жаттығулардың, билердің, ойындардың қабылдауын дамыту.

	Тақырыпша: «Қыс қызығын көреміз!» Мерзімі: 08-12.02	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.	Көркем әдебиет «Жақсы деген немене, жаман деген немене» Тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға. Таныс тақпақтарды қайталауды, ойыншықтарды қолданып, мазмұны күрделі емес ойындарға қатысуды үйрету.	Құрастыру «Құрылысшы» Құрылыс материалдарынан құрастыруды, құрылыс үлгілерін қарап, оның бөліктерін атап көрсетуге, қандай бөлшектерден құралғанын анықтауға үйрету. Балалармен бірге қарапайым құрылысты құрастыру, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: қою, тіреу, басу. Жаратылыстану «Қарға» Балаларға дала құстары туралы түсінік беріп, оның ішінде торғаймен жақын таныстыру. Аулаға ұшып келетін құстарды бақылау арқылы білімдерін кеңейту. Құстарға қамқорлықпен қарауға, көмек бере білуге үйрету.	Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша Жапсыру "Қар адамы " Қағаз бетіне геометриялық пішіндерден қарапайым пішіндер құрастыру және орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Сурет салу «Үйдің терезесіндегі оюлар» Қылқаламмен үзік сызықтардың кеңістікте дұрыс орналастыра сызуды үйрету; бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; сурет салуға деген қызығушылыққа тәрбиелеу.
--	---	--	---	--	--

	Тақырыпша: «Қар түрлері!» Мерзімі: 15-19.02	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.	Сөйлеуді дамыту «Қар жауды далама» Сөз тіркесінде, сөйлемде сөздер мен дыбыстарды айту. Киім және күнделікті өмірде олармен әрекет жасауды білдіретін сөздерді, сөз таптарын қолдану. Қарапайым сұрақтарға жауап беру дағдыларын қалыптастыру.	Жаратылыстану «Құстар біздің досымыз.Торғай» Балаларға дала құстары туралы түсінік беріп, оның ішінде торғаймен жақын таныстыру. Аулаға ұшып келетін құстарды бақылау арқылы білімдерін кеңейту. Құстарға қамқорлықпен қарауға,көмек бере білуге үйрету. Сенсорика "Құртақандарға арналған үй" (жұптастырып, түстер бөлшектерін араластыру) Түстің әртүрлі заттардың белгісі болып табылатынын және олардың сипатын білдіру үшін қолданылуы мүмкін екенін көрсете отырып, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру; балалардың назарын заттардың түстік қасиеттеріне аудару. Қайырымдылыққа тәрбиелеу.	Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша. Сурет салу «Қардағы іздер» (Саусақпен қоянның ізін салу) Саусақ арқылы сурет салуды үйрету.негізгі түстер туралы білдерін бекіту. Саусақтарының икемділігін арттыру,
--	--	---	---	--	---

	Тақырыпша: «Жыл мезгілдері» Мерзімі: 22-26.02	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.	Қатынас Көркем әдебиет «Түлкі мен қоян» ертегі Ертегі кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық білдіру дағдыларын қалыптастыру. Кейіпкерлермен тақпақтардың мазмұнын, ырғақты ойындарды қайталауды эмоциалы қабылдауға үйрету.	Таным Жаратылыстану «Көгершін» Балаларға дала құстары туралы түсінік беріп, оның ішінде торғаймен жақын таныстыру. Аулаға ұшып келетін құстарды бақылау арқылы білімдерін кеңейту. Құстарға қамқорлықпен қарауға, көмек бере білуге үйрету. Құрастыру «Кірпілер» Пішіні, түсі, көлемі, қолданысы бойынша заттарды топтастыруды және таңдауды үйрету. Құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды қолдана отырып оларды ойнату және тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинастыру.	Шығармашылық Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша. Мүсіндеу «Жидек» Қуыршаққа арналған жидекті мүсіндеуге үйрету. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану барысында арнайы тақтайша үстінде илеу, қолды дымқыл шүберекпен сұрту; дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинастыру дағдыларын қалыптастыру. Сурет салу «Ағаштағы қар» Қағаз бастырмамен жұмыс істеу дағдыларын қалаптастыру, орамалды геометриялық рәсімдермен безендіруге үйрету; саусақ қол қимыл қозғалыстары мен икемділіктерін дамыту; балаларды әсемдік ті көре білуге тәрбиелеу. .
--	--	--	--	--	--

2021 ЖЫЛ НАУРЫЗ АЙЫ

Өтпелі тақырып: «ЖЫЛҒАЛАРДАН СУ АҚТЫ»

Мақсаты: жыл мезгілдерін ажырата білу, көктемде күн шуағының жылуымен қар еріп, сай-салалардан, жылғалардан сылдырап су ағады, табиғат ерекше күйге енеді, алғашқы бәйшешектер өсіп шығады

Өтпелі тақырып: «Жылғалардың су ақты»	Тақырыпша: «Күннің шуағы» Мерзімі: 01-05.03	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.	Сөйлеуді дамыту «Қуыршақ қонаққа келді» Заттардың белгілерін білу, көкөністер, жемістер, өсімдіктерді білдіретін сөздерді қолдану дағдыларын бекіту. Көлемі бойынша шағын тақпақтар жаттау. Қонақжайлылыққа баулу.	Сенсорика "Күннің шуағы ". Берілген 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып көлемі бойынша әр текті байланыс орната білу іскерлігін бекіту. Жаратылыстану «Күннің шуағы. Құстар келді өлкеге» Көктем мезгілінде болатын табиғи құбылыстардың пайдасын түсіндіру. Балаларға құстар туралы, олардың өмір сүру ортасы, құстардың жерде өмір сүретіндігі мен ауада ұша алатындығы жөніндегі ерекшеліктері туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру.	Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша. Сурет салу «Маймақ маң-маң басады, жидек издеп барады». Аюдың ізін қылқаламмен үлкен және кіші дақ түсіру арқылы салуға үйрету; жұмыс барысында балалардың өз алдына жеке дербес әрекет етуімен белсенділігін дамыту; аңдарға, жан-жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.
---	--	--	--	---	---

	Тақырыпша: «Жылғалардан су ақты» Мерзімі: 09-12.03	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.	.	Жаратылыстану «Өсімдіктер. ЖЫЛҒАЛАРДАН СУ АҚТЫ» Балаларға топтағы өсімдіктер әлемі жайында түсінік беру. Бау – бақшада өсетін жеміс – жидектерге тоқталу. Балалардың көргендерін өз бетінше айтуға үйрету. Құрастыру «Гүл» Пішіні, түсі, көлемі, қолданысы бойынша заттарды топтастыруды және таңдауды үйрету. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинастыру.	Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша. Жапсыру "Жүк машинасы" Симметриялық пішіндерді орналастыра білуді және жапсыру мен сурет салуды кіріктіруді қалыптастыру. Дайын сұлбаға элементтерін салып аяқтауды үйрету (марғаудың құйрығын салады); бастапқы техникалық дағдыларды қалыптастыру. Сурет салу «Түрлі түсті моншақтар» Саусақ немесе бастырма арқылы моншақтар суретін салуға үйрету.
--	--	--	--------------------------------------	---	---

	Тақырыпша: «Қарды ертіп жылғасы, Наурыз келді – жыл басы» » Мерзімі: 15-19.03	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.	Сөйлеуді дамыту Наурыз келді өлкеме. Үй құстарына жем береміз. Кітаптағы суреттерді қарау, олардың мазмұны бойынша сұрақ-жауаптар құрастыру, көргендері туралы сұрақтар қоя білу дағдыларын бекіту. Сөйлеудің диалогтық түрлерін дамыту.	Сенсорика «Қуыршаққа арналған тарту». (Өртүрлі өлшем-дегі заттарды 2 топқа бөлу). Балалар назарын заттардың өлшеміне аудару, оларда өлшем айырмашылығы мен ұқсастықты орнатудың қарапайым тәсілдерін қалыптастыру. Түрлі әрекеттерде заттардың сенсорлық қасиеттерін ескеруді: құрастыруда біліктерін арттыру. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу. Жаратылыстану «Жануар. Аю» Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танау,құйрығы,аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша. Сурет салу «Жылғалардан су ақты». Көктем мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру; құмда ирек сызықтар сызуды жалғастырып ;ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Жыл мезгілдеріне деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.
--	--	---	--	---	---

	Тақырыпша: «Көктемгі табиғат» Мерзімі: 25-26.03	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.	Таным Жаратылыстану «Жануарлар. Жануарлардың тіршілігі» Жануарлардың дене бөліктерін ажыратуды және атауды, олардың мінез- құлқына, сыртқы түріне назар аударуды үйрету.	Шығармашылық Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша. Сурет салу «Көктемгі табиғат» Балаларды ересектермен бірге әрекет етуге (ересектердің салған суреттерін толықтыру) қызығушылықтарын тудыру; бейнелеу өнері әрекетінің нәтижесіне қызығушылық танытуын қалыптастыру: балалардың жұмысын қарау және талдау, таныс заттар мен кейіпкерлерді табу.
--	---	--	---	--

Өтпелі тақырып: «Жылғалардың су ақты»	Тақырыпша: «Табиғат көркі» Мерзімі: 29-02.04	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.	Сөйлеуді дамыту «Шалқан» ертегісі Ертегілер тақырыптарындағы әңгімелерді көрнекіліксіз тыңдау;сөз тіркестерін айту (3–5 сөзбен), таныс шығармалардан үзінді ойнай білу дағдыларын бекіту.	Сенсорика "Бақпақ гүлдері" Берілген 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып өлшемі бойынша әр текті байланыс орната білу іскерлігін бекітуді. Жаратылыстану «Көкөністер. Қызанақ, пияз» Көкөністер туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Сыртқы түрі және дәмі бойынша атауды және ажыратуды үйрету. Өсімдіктерге қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Көкөністерді күтіп баптауға баулу.	Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша. Сурет салу «Машинаның дөңгелектері» а)Машинаның дөңгелегін тығын арқылы салуға үйрету; ә) жұмыс барысында балалардың өз алдына жеке әрекет көрсетуі мен белсенділігін дамыту; б) Ойыншықтарды көтіп ұстауға , мұқият ойнауға тәрбиелеу.
---------------------------------------	---	---	---	---	--

СӘУІР АЙЫ 2021 ЖЫЛ

ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫП: ТАБИҒАТ ӘЛЕМІ

Мақсаты: тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары, маусымдық өзгерістер, өсімдіктер туралы білімдерін кеңейтуге; жануарлар, жәндіктер мен өсімдіктердің барлық түрлерін сақтаудың қажеттілігі туралы түсініктерін қалыптастыруға; табиғатпен тікелей байланысты тәжірибені игеруге; қоршаған ортаға ұқыпты қарауды және тіршілік ету ортасының маңызын түсінуге бағытталған

Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»	Тақырыпша: «Жәндіктер» Мерзімі: 05-09.04	Денсаулық	Қатынас	Таным	Шығармашылық
		Пән жетекшінің жоспары бойынша.	Көркем әдебиет «Құмырсқа мен көгершін» Шығарманың мазмұнын түсіну және эмоциалы қабылдау, ойында кейіпкерлер бейнесін қарапайым түрде бейнелеу. Таныс өлеңдерді асықпай, анық айтуға баулу.	Құрастыру «Үстел және диван және орындық» Жеке жиһаз заттарын түрлі нұсқада құрастыру, бірден үш құрылысты тұрғызу (үстел және орындық, үстел және диван), құрылыстық қасиетін ескере отырып материалды таңдау; ұрылыс масштабна сәйкес сюжеттік ойыншықтарды қолдана отырып ойнау дағдыларын қалыптастыру. Жаратылыстану «Қызанақ, қияр» Көкөністер туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; көкөністер мен жемістердің бірнеше түрлерін сыртқы түрі және дәмі бойынша дұрыс атауға және ажыратуға үйрету. Қоршаған табиғаттың сұлулығын байқауға үйрету.	Музыка. Пән жетекшінің жоспары бойынша Сурет салу «Жәндіктер» Парақ бетіне езілген бояу жағу арқылы қарама-қайшы түстегі дақтарды үйлестіріп бейнелей білу, толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу біліктерін қалыптастыру. қылқаламмен жұмыс істеу дағдыларын дамыту; балалардың бояумен жұмыс істеуге деген қызығушылығын және өз жұмысына деген қуаныш сезімін ояту. Жапсыру "Жәндіктер" Симметриялық пішіндерді орналастыра білуді және жапсыру мен сурет салуды кіріктіруді қалыптастыру.

	Тақырыпша : «Жануарлардың тіршілігі»	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.	Сөйлеуді дамыту «Үй жануарларының төлдері». Түрлі дауыс жоғарылығымен, қарқынымен, биіктігімен дыбыстарға еліктеуші сөздерді айту, жануарлар мен олардың төлдерін білдіретін сөздерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Сөйлеудің диалогтық түрлерін дамыту.	Сенсорика «Шалғын». Әртүрлі заттарды өлшемі бойынша салыстыруды және оларды үлгідегідей орналастыруды үйрету; ойлау қабілетін дамыту; саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу. Жаратылыстану Жәндіктер Жәндіктер туралы білімдерін жетілдіру.	Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша. Сурет салу «Жануар» Сызықтарды қағаз бетіндегі кеңстікті дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру, қағаз бетіне тура сызықтарды бейнелеу, дәстүрден тыс тәсілмен сурет салу біліктерін қалыптастыру.
--	--	---	--	---	--

	Тақырыпша: «Үй құстары мен жануарлар» Мерзімі: 19-23.04	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.	Көркем әдебиет «Жақсы деген немене, жаман деген немене» (өлең) Кейіпкерлермен тапқалардың мазмұнын, ырғақты ойындарды қайталауды эмоциалы қабылдау; шығарманың мазмұнын түсіну және эмоциалы қабылдау, ойында кейіпкерлер бейнесін қарапайым түрде бейнелеу.	Жаратылыстану «Жануарлардың сүйікті қорегі. Қызанақ , қияр, сәбіз,алма» Көкөністер мен жемістер туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; көкөністер мен жемістердің бірнеше түрлерін сыртқы түрі және дәмі бойынша дұрыс атауға және ажыратуға үйрету. Алған білімдерін нығайту. Қоршаған табиғаттың сұлулығын байқауға үйрету. Құрастыру «Машина» Құрылыс масштабна сәйкес сюжеттік ойыншықтарды қолдана отырып оларды ойнату және тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинастыру; балалармен бірге қарапайым құрылысты құрастыру біліктерін қалыптастыру.	Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша. Сурет салу «Көбелек» Қағаз бетін бағдарлай білуге үйрету белгілі бір ережелерді орындау дағдыларын қалыптастыру: түзу отыру, тек қағаз бетіне сурет салу, қағазды жұмарламау, алақанмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу «Көктемгі табиғат» Шыны аяқ илеп жасауда саз кесегін саусақпен басып, тереңдету дағдыларын қалыптастыру. кесектерді біріктіруге үйрету. Сазбалшықтың кесегін алақан арасына салып илей алу дағдыларын қалыптастыру.
--	--	---	---	---	---

	Тақырыпша: «Өлі және тірі табиғат» Мерзімі: 26-30.04	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.	Қатынас Сөйлеуді дамыту «Жау жаңбыр» Сөздің интонациямен аяқталуын меңгеру. Ыдыс-аяқ білдіретін сөздерді, сөз таптарын қолдану. Қысқа сөйлемдерден неғұрлым күрделі сөйлемдерге ауыса білу дағдыларын қалыптастыру.	Таным Жаратылыстану «Үй құстары». Балаларға үй құстары (тауық, қораз, үйрек) және олардың тіршілігі жайлы түсінік беруді жалғастыру. Алған білімдерін нығайту. Үй құстарының өздеріне тән ерекшеліктерін байқауға, ажыратуға үйрету. Үй құстарына қамқор болуға, оларды күте білуге тәрбиелеу. Сенсорика «Үшатын көбелектер». Заттардың түстері жайлы білімдерін, заттарды түстері бойынша іріктеу ептілігін бекіту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.	Шығармашылық Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша. Сурет салу «Күн жарқыра» Сызықтарды қағаз бетіндегі кеңстікті дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру, қағаз бетіне тура сызықтарды бейнелеу, дәстүрден тыс тәсілмен сурет салу біліктерін қалыптастыру.
--	---	--	--	--	---

2021 ЖЫЛ МАМЫР АЙЫ

ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫП: ЖАЙДАРЫ ЖАЗ КЕЛДІ!

Мақсаты: жаздағы табиғат құбылыстарымен, оның өзгерістерімен таныстыру, жаз – адам ағзасына жеміс-жидектер арқылы келетін табиғат дәрумендерінің мезгілі.

Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»	Тақырыпша: «Сиқырлы орман» Мерзімі: 04-06.05	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.	Таным Құрастыру «Үстел және орындық» Құрылыс материалдарынан құрастыру жеке жиһаз заттарын түрлі нұсқада құрастыру, бірден екі құрылысты тұрғызу, құрылыстық қасиетін ескере отырып материалды таңдау біліктерді қалыптастыру. Балалармен бірге қарапайым құрылысты құрастыру. Қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: қою, тіреу, басу. Жаратылыстану «Сиқырлы орман» «Ағаш және оның бөліктері». Балалардың назарын ағаштың негізгі бөліктеріне аудару (діңі, бұт ақтары, жапырақтары).	Шығармашылық Жапсыру " Сиқырлы орман " Ағаштарды орналастыруға үйрету. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.
---------------------------------	---	--	--	--

Өтпелі тақырып: «Жайдары жаз келді»	Тақырыпша: «Ақылды күн сәулесі» Мерзімі: 11-14.05	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.	Таным Сенсорика «Пирамида» Бірізділікпен азаятын 3 немесе одан да көп бөліктерден түрлі түсті пирамидалар құрастыруды үйрету. Кеңістікте бағдарлаудың бастапқы дағдыларын қалыптастыру. Жаратылыстану «Тауық» Балаларға үй құстары және олардың тіршілігі жайлы түсінік беру. Үй құстарының өздеріне тән ерекшеліктерін байқауға үйрету. Үй құстарына қамқор болуға, оларды күте білуге тәрбиелеу.	Шығармашылық Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша. Сурет салу «Мен сурет саламын» Жаз мезгіліннің ерекшеліктерімен таныстыру; құмда түрлі сызықтар сызуды жалғастырып; ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Жыл мезгілдеріне деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.
--	--	--	--	---

	Тақырыпша: «Деніміз сау болып өсеміз» Мерзімі: 17-21.05	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.	. Көркем әдебиет «Телефон» (өлең) Оқиғаларға жанашырлық білдіру; кейіпкерлермен тақпақтардың мазмұнын, ырғақты ойындарды қайталауды эмоциалы қабылдау; ересектердің тақпақтарды, өлеңдерді, әңгімелерді оқуына, кітаптарды көрсету, ертегілерді әңгімелеуіне тұрақты қызығушылық таныту; шығарманың мазмұнын түсіну және эмоциалы қабылдау. .	. Жаратылыстану «Қораз» Балаларға үй құстары және олардың тіршілігі жайлы түсінік беру. Үй құстарының өздеріне тән ерекшеліктерін байқауға үйрету. Үй құстарына қамқор болуға, оларды күте білуге тәрбиелеу. Құрастыру «Мен жасай аламын» Құрылыс масштабна сәйкес сюжеттік ойыншықтарды қолдана отырып оларды ойнату және тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинастыру; балалармен бірге қарапайым құрылысты құрастыру біліктерін қалыптастыру.	Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша. Сурет салу «Деніміз сау болып өсеміз» Қылқаламды дұрыс ыстай отырып, берілген фонның үстіне іздерді ирек сызықтар сызу арқылы көрсетуге үйретеді. Ирек сызықтар сызу дағдыларын қалаптастыру; табиғаттың әсемдігін түсіне білуге тәрбиелеу. Мүсіндеу «Табақ» Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану барысында арнайы тақтайша үстінде илеу, қолды дымқыл шүберекпен сүрту; дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинастыру дағдыларын қалыптастыру.
--	--	--	---	--	--

	Тақырыпша: «ТАБИҒАТ ДӘРУМЕНДЕРІ» Мерзімі: 24-28.05	Денсаулық Пән жетекшінің жоспары бойынша.	Сөйлеуді дамыту «Көлік түрлері» Көліктер туралы ұғым қалыптастырып, өздеріне таныс көлік түрлерін салыстырып, ажыратып, айтып беруге үйрету.	Жаратылыстану «Үйрек» Балаларға үй құстары және олардың тіршілігі жайлы түсінік беру. Үй құстарының өздеріне тән ерекшеліктерін байқауға үйрету. Үй құстарына қамқор болуға, оларды күте білуге тәрбиелеу. Сенсорика «Біз осындаймыз!» Балаларды әр түрлі пішін бойынша тез ажырататын біркелкі заттарды топтастыруға үйрету (үлкен-кішкентай).	Сурет салу «ТАБИҒАТ ДӘРУМЕНДЕРІ» Қарындашты үш саусағымен дұрыс ұстай отырып, ирек сызықтар салу дағдысын бекіту; негізгі түстерді ажыратуды және дұрыс атауды түйрету. Ұқыпты жұмыс істей білуге тәрбиелеу. Музыка Пән жетекшінің жоспары бойынша.
--	--	--	--	---	---